


Педкеңесте қаралды :
29.08.2025 жыл

Бекітілді: 
«Балапан» балабақшасы
меңгеруші м.а.
М.А.Абдуллаева

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына «Күншуақ» ересек тобына арналып
ұйымдастырылған музыка іс-әрекеттің перспективалық жоспары.**

Музыка жетекшісі: Балтабаева Т.Е.

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған музыкадан ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

МКҚК «Балапан» Балабақшасы «Күншуақ» ересек тобы (2 жастан бастап)
Музыка жетекшісі: Балтабаева Таңшолпан Елтайқызы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Мақсаты: әуенді сезіне білуге, әннің мағынасын түсінуге баулу. Міндеттері: әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру, би қимылдары, музыкалық қимылдарды орындау, әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау ережелерін сақтау). Ән айту: Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, марш екпініне адымдап жүру. Музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру. Билер: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау. Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге, хор айтуды, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау.

Казан	Мақсаты: Музыканың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Міндеттері: Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау; ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу, қимылды музыкамен сәйкестендіру. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру. Музыканың би сипатын қабылдауға үйрету. Аспаптың сүйемелдеуінде ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау. Балаларды күз байлықтарын бағалауға, қастерлеуге тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Ойындар, хороводтар: Пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.
Қараша	Мақсаты: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге үйрету. Міндеттері: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану, дауыс пен есту қабілетін дамытуға дағдыны жетілдіру. Дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету үйрету. Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. Музыка арқылы қуана білуге, шаттана білуге тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Билер: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Ойындар, хороводтар: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Желтоқсан	Мақсаты: Балаларға еліміздің рәміздері туралы мәлімет беріп, оны қастерлей білуге үйрету. Міндеттері: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау. Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау. Балаларды сезімталдыққа тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
Қаңтар	Мақсаты: Әуеннің ырғағына, мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу. Міндеттері: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды аяғына дейін тыңдау, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды жетілдіру. Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ауыстыру, музыканың биге тән сипатын қабылдау, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Балаларды жылдың қандай мезгілі болса да қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Ойындар, хороводтар: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбыра аспабының сүйемелдеуіндегі музыкалық аспапта ересектердің орындауындағы күй әуенін тыңдау. Фортепиано аспабында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.

Ақпан	Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын музыка арқылы сезіне білуге баулу. Міндеттері: Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру. Би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауды жетілдіру. Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау. Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгерту. Марш екпініне адымдап жүру. Билер: Би қимылдарын өзгерту; шапшандық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар,хороводтар: Үлкен шеңберге және шашырап тұру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
Наурыз	Мақсаты: музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу; күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалу. Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау. Балаларды бір- біріне қамқор болуға тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақ халқының аспабы домбыраның дауысын тыңдау. Ән айту: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Билер: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді есте сақтау. Ойындар,хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.

Сәуір	Мақсаты: Балаларды табиғатта болатын құбылыстарды ән арқылы сезіне білуге үйрету. Міндеттері: Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау, күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Балаларды әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу. Музыка тыңдау: Пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегі және музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация көрсетумен қатар жүргізу. Ән айту: Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау. Билер: Би қимылдарын өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар, хороводтар: Шеңбер бойымен қол ұстасып жүруге, хор айтуды, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік танытуды қалыптастыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау. Әуеннің сипатын тану, музыканың тактісімен алақандарды соғу.
Мамыр	Мақсаты: Таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру. Міндеттері: Шығарманың бөлімдерін ажырата білу, музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту, музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты, қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. Балаларға көңілді музыка сазымен көтеріңкі көңіл күй сыйлауды үйрету. Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту: Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Билер: Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу. Ойындар, хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау. Шулы аспаптармен ойнау, оркестр құру.

